



2025 жылдың 01 шілдеге


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2025 жылдың 1 шілдеге елдің 21 екінші деңгейлі банктерінің несиесінің көлемі **39 093 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 60%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несиесі (NPL) көлемі **1 319,4 млрд теңге**, немесе жалпы несиесінің **3,4%** құрады (2025 жылғы 1 маусымға – 37 865,2 млрд теңге немесе 60%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несиесі деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда** – 976,1 млрд теңге немесе 74% (01.06.2025 ж. – 943 млрд теңге) келеді.


Қаржылық емес заңды тұлғаларға – 343 млрд теңге немесе 26% (01.06.2025 ж. – 339,3 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,3 млрд теңге (01.06.2025 ж. – 0,3 млрд теңге) келеді.

01.06.2025 ж.
NPL құрылымы



01.07.2025 ж.
NPL құрылымы



■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер ■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі «**KASPI BANK**» АҚ келеді – 352,4 млрд теңге немесе несие портфелінің 5,2%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:

– «**Қазақстан Халық Банкі**» АҚ – 313,5 млрд теңге (несие портфелінің 2,5%);

– «**Еуразиялық банк**» АҚ – 126,6 млрд теңге (несие портфелінің 7,5%);

– «**Alatau City Bank**» АҚ – 113,8 млрд теңге (несие портфелінің 8,1%);

– «**Bereke Bank**» АҚ – 89,3 млрд теңге (несие портфелінің 6,6%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несиелер портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келеді «Банк ВТБ» ЕБ АҚ – 9,9%.

Әрі қарай несиелер портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: «Alatau City Bank» АҚ (8,1%); «Еуразиялық банк» АҚ (7,5%); «Нұрбанк» АҚ (6,8%) және Bereke Bank (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) АҚ (6,6%).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады